



Газет 1937 жылдың
5 мамырынан
бастап шығады

САРЫСУ

Сарысу ауданы (Жамбыл облысы)

www.gazeta-sarysu.kz

11 маусым

★ сенбі ★

2016 жыл

№50 (7796)

sarysu_02@bk.ru

ЕЛБАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

**АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫНДА ЖАСАЛҒАН
ТЕРРОРИСТІК АҚТИНІҢ САЛДАРЫ-
НАН ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТШІЛЕР МЕН
АЗАМАТТАРДЫҢ ҚАЗА БОЛУЫНА
БАЙЛАНЫСТЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУ-
БЛИКАСЫНДА 2016 ЖЫЛҒЫ 9 МАУ-
СЫМ ҰЛТТЫҚ АЗА ТҰТУ КҮНІ БОЛЫП
ЖАРИЯЛАНДЫ.**

Қымбатты отандастар!

Өткен жексенбіде Ақтөбе қаласында діннің атын жамылған бір топ террорист елдің тыныштығын бұзды. Ол туралы баршаңыз білесіздер. Бірақ мұсылман қауымы үшін қасиетті Рамазан айы басталар сәтте қанды қылмыс жасағандардың арам ниеттері іске асқан жоқ. Құқық қорғау және қауіпсіздік қызметтерінің қызметкерлері үлкен қатердің бетін қайтарды. Террористердің көпшілігінің көздері жойылды, бірқатары қолға түсті, қалғандарын тиісті органдар іздеп тауып, олар заңның ең қатаң талаптарымен жазаға тартылатын болады. Қазір халықтың аландауына ешбір негіз жоқ, жағдай толық бақылауға алынды.

Мен қаза тапқандардың отбасыларына, туыс-туғандарына шын жүрегіммен көңіл айтамын. Қаза тапқан әскери қызметкерлер Отан алдындағы антына адал болып, ел қауіпсіздігі жолында өшпес ерлік көрсетті. Олардың ерліктері мемлекет тарапынан лайықты бағаланатын болады. Оның үстіне, 4 азамат қаза тапты, бәрі Ақтөбенің тұрғындары. Сондықтан, мен ертеңгі бейсенбі, 9 маусым күнін Жалпыұлттық аза тұту күні деп жариялаймын. Қаза болғандардың артында отбасы, бала-шағалары қалды. Менің тапсырмам бойынша, оларға барлық қажетті көмектер жасалуда.

Тәуелсіздікті жариялау бар, ал оны қорғап, нығайту және дамыту одан да жауапты іс. Ел бірлігі, ішкі тыныштық сол үшін керек. Мен мұны ылғи айтып келемін. Ел ішіне бүлік салудың, «түрлі-түсті революциялардың» талайын басқа елдерден көріп, біліп отырмыз. Ол ланкестік әрекеттерден, көшеге шығып шулаудан басталады. Одан конституцияға қарсы шығады да, аяғында мемлекет күйреп, халық аш-жалаңаш қалады. Мұның бәрін біз көріп, біліп, байқап отырмыз.

Біріншіден, біз кез келген сипаттағы экс-



тремизм мен терроризмге қарсы заңдарды қайта қарап, бұл құбылысқа қатаң тойтарыс беру жайын ойластыруымыз керек. Қолына қару алып, кісі өлтірген адам өлім жазасына кесілуі қажет. Екіншіден, елдігімізге сына қағатын зулымдықтардың ымырасыз жолын кесуіміз қажет. Ел тыныштығын сақтамақ мынадай әлемдік дағдарыстан өте алмаймыз. Сондықтан, барша халық болып бірігіп, елді сақтауды ойлауымыз керек.

Уважаемые казахстанцы!

Как вы знаете, 5 июня в Актобе совершена террористическая атака. Правоохранительные органы приняли необходимые меры по жесткому пресечению этой преступной акции, уничтожению и нейтрализации террористов. По моему поручению работает специальная межведомственная следственно-оперативная группа во главе с министром внутренних дел. Следствие ведется под личным контролем Генерального прокурора. Все преступники будут привлечены к ответственности по всей строгости закона. По имеющимся данным, террори-

стический акт организован приверженцами радикальных псевдорелигиозных течений, инструкции они получили из-за рубежа.

В результате нападения, к огромному сожалению, есть погибшие и раненные среди военных и гражданских лиц. У них есть семьи, дети. Выражаю глубокие соболезнования всем родным и близким погибших. Объявляю четверг, 9 июня, Днем общенационального траура по погибшим. По моему поручению министерство внутренних дел и акиматы оказывают всестороннюю помощь семьям погибших и пострадавших.

Сотрудники органов правопорядка ценой своих жизней остановили террористов. Они проявили профессионализм, верность своему долгу, доблесть и патриотизм. Хочу особо отметить высокий уровень слаженности и оперативности действий сотрудников полиции и Национальной гвардии. В сложной ситуации жители Актобе проявили выдержку, не поддались панике и провокациям.

Экстремизм и терроризм угрожают безопасности не только нашей страны, но и

всему миру. Казахстанцы с пониманием и ответственностью отнеслись к усилению антитеррористических мер, принимаемых правоохранительными органами во всех регионах страны. Сегодня повода для беспокойства наших граждан нет. Вместе с тем, призываю всех казахстанцев быть бдительными, решительно пресекать все призывы к насильственным противоправным действиям, повсеместно помогать правоохранительным органам.

Пользуясь либеральностью государственной политики и наших законов, кое-кто захотел проверить государственную власть на прочность. Заявляю, что мы всегда будем принимать самые жесткие меры для подавления экстремистов и террористов. Для этого у государства есть все возможности и силы. Мы все знаем, что так называемые «цветные революции» имеют различные методы и начинаются с надуманных митингов, убийств, стремления захватить власть. Эти признаки проявились и у нас. В странах мира, где прошло такое, сегодня нет ни государства, ни стабильности, там царят нищета и бандитизм, созданы условия для появления экстремистов и террористов. Экономика этих стран отброшена на десятки лет назад.

Призываю весь народ, все политические и общественные объединения сплотиться и показать, что мы защитим наш мир, стабильность и дружбу всех казахстанцев! Государство примет дополнительные меры по борьбе с теми, кто пытается расшатать общество и страну. Мы специально их рассмотрим и подведем итоги.

Қымбатты қазақстандықтар!

Ел іші бүтін болмаса, ел де болмайды. Қазір – нағыз елім, жерім деген отансүйгіштікті көрсететін уақыт. Халқымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығы үшін бәріне де дайын екенімізді көрсететін кез келді. Қауіпсіздік пен тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім – ең басты байлығымыз. Біз тәуелсіздігіміздің тірегі болған бұл құндылықтарды көздің қарашығындай сақтаймыз.

Мен Қазақстан халқы дүниедегі дағдарыс және бүгінгідей жауапты шақта тағы да барша әлемге елдігі мен бірлігін паш етеріне сенемін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**«Егемен Қазақстан»,
9 маусым 2016 жыл**

Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын



асқан сақтықпен ел ертеңі үшін аянбайтын Кешбасшымыз бұл жолы да солай етуде.

ҚР Президенті Н.Назарбаев Ақтөбедегі терактідегі байланысты жасаған мәлімдемесінде: «Шындығында ел іші бүтін болмаса, ел де болмайды. Қазір - нағыз елім, жерім деген отансүйгіштікті көрсететін уақыт. Халқымыздың қауіпсіздігі мен тұтастығы үшін бәріне де дайын екенімізді көрсететін кез келді.

Қауіпсіздік пен тұрақтылық, бейбітшілік пен келісім - ең басты байлығымыз. Біз тәуелсіздігіміздің тірегі болған бұл құндылықтарды көздің қарашығындай сақтауымыз қажет, -деп өзінің негізгі алға қойған мақсаты да, еліміздің бүгінгі әлемге үлгі болар тұсы да, бұл ұлттар арасындағы татулықты сақтау екендігін айқын аңғартты. Достық пен келісім болмаған жерде ешқандайда даму болмақ емес. Көреген кешбасшының сарабал саясаты, әрбір айтқан сөзі ақиқат. Ел тыныш болмаса, елдігімізді жоғалтарымызды ұмытпайық. Бір-бірімізге алақазденіп, түртпектеудің орнына бір жазадан бас, бір жеңнен қол шығаратын кез жетті. Қазыбек бише айтқанда «Жер шетін жау баспасын, құт береке қашпасын» деп, ынтымақпен еңбек етуіміз керек.

**Құдайберлі ӘБІЛОВ,
аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы**

Мы - против терроризма



Глава нашего государства Нурсултан Назарбаев сделал важное заявление по поводу террористической атаки в городе Актобе.

Произшедшие события находятся на личном контроле Президента. 9 июня Глава государства объявил Днем общенационального траура. Важно отметить, что после трагедии в Актобе казахстанцы продемонстрировали единство в негативных оценках действий террористов. Наше общество всегда проявляло нетерпимость к насилию и к чуждым идеям терроризма и псевдорелигиозных течений. Все силовые органы сработали очень четко и оперативно.

Я полностью разделяю слова Главы государства, что мы всем обществом должны противостоять распространению терроризма.

Все мы должны объединиться против любых проявлений и попыток расшатать мир в нашей стране. Мы должны беречь то, что у нас есть мирное небо и возможность в спокойной и безопасной обстановке растить детей и внуков.

Каждый гражданин и всё наше общество должны пресекать любые попытки расшатать стабильность в нашей стране. Не дадим чуждым элементам мутить воду в чистом источнике единства, равенства и взаимопонимания, который оставили нам наши предки. Наш Казахстан всегда и во все времена был примером толерантности. И наш долг его сохранить и таким оставить нашим потомкам.

Галина МОРОЗ, заведующая детским садом «Айголек», депутат районного маслихата.

Ынтымақ бірлікте

Ақтөбеде орын алған террорлық акті баршамамыздың көңілімізге қаяу түсірді. Өркеніетті дамыған елдер қатарына қосылуды мұрат еткен сындарлы сәтте сүттей ұйып отырған ел ішінде ланкестердің қолдарына қару алып, жазықсыз жандарды мерт етуі өте ауыр қылмыс. Бұл терактіге орай Елбасымыз Қазақстан халқына мәлімдеме жасады. «Тәуелсіздікті жариялау бар, оны қорғап, нығайту және дамыту одан да жауапты іс. Ел бірлігі, ішкі тыныштық сол үшін керек. Мен мұны ылғи айтып келемін. Ел ішіне бүлік салудың, «түсті революциялардың» талайын басқа елдерден көріп, біліп отырмыз. Ол ланкестік әрекеттерден, көшеге шығып шулаудан басталады. Одан Конституцияға қарсы шығады да, аяғында мемлекет күйреп, халық аш-жалаңаш қалады. Мұның бәрін біз көріп, біліп отырмыз. Біріншіден, біз кез-келген сипаттағы экстремизм мен терроризмге қарсы заңдарды қайта қарап, бұл құбылысқа қатаң тойтарыс беру жайын ойластыруымыз керек» деп атап көрсетті мемлекет басшысы.

Мұсылман қауымы үшін аса қасиетті де қастерлі Рамазан айы қарсаңында ел ішін алапайдай бүлдірген зулымдардың адам қанын нақақтан жазықсыз төккен қанқұйлы әрекеттерін ешнәрсемен ақтауға болмайды. Ел игілігі үшін еңбек етіп жүрген аудан кәсіпкерлері де олардың ең қатал жазаға тартылуын толық қолдайды. Қарапайым халыққа еш себепсіз қан төгудің қажеті жоқ. Бізге тек әрбір отбасындағы шаңырағы шаттыққа толы өмір, ырыс, дәулет, береке керек.

Олай болса Елбасы мәлімдемесін қызу қуаттай отырып, ортақ мақсатта ұйымшылдықпен еңбек ету әрбір азаматтың абыройлы борышы болмақ. Себебі тыныштық-ел тірегі.

Мәлік ТОҚТАРБАЕВ, аудандық кәсіпкерлер ассоциациясының төрағасы



Имандылық

БҮГІНДЕ ИСЛАМҒА КҮЙЕ ЖАҒУДА КЕҢ ҚОЛДАНЫЛЫП ЖҮРГЕН ТЕРМИНДЕРДІҢ БІРІ - ТЕРРОРИЗМ. АЛ, ТЕРРОРИСТ ДЕГЕН КІМ? ОЙЫМЫЗҒА БІРДЕН КЕЛЕТІНІ БЕТ-АУЗЫН ТҮМШАЛАҒАН, ҚОЛЫНА ҚАРУ ҰСТАҒАН, ХАЛЫҚТЫҢ ҚҰТЫН ҚАШЫРҒЫСЫ КЕЛЕТІН ЖАН. ПСИХОЛОГТАРДЫҢ АЙТУЫНША, ОЛАР ДА АДАМ БАЛАСЫ, БІРАҚ АДАМИ ҚАСИЕТТЕН АЙЫРЫЛҒАНДАР. ЕНДЕШЕ, ОЛАР БҮЛ ЖОЛҒА ҚАЛАЙ ТҮСТІ? ТЕРРОРИСТ ДАЙЫНДАУДЫҢ ҚАНДАЙ ДА БІР МЕКТЕБІ БАР МА? ЖАЛПЫ, ТЕРРОРИСТЕРДІҢ ТАҢЫМЫ МЕН ӘЛЕМДІК ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ТУРАЛЫ ТЕОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНЫҢ ДОКТОРЫ, ИСЛАМТАНУШЫ ҒАЛЫМ МҰХИТДИН ИСАУЛЫН ӘНГІМЕГЕ ТАРТҚАН ЕДІК.

ДАИШ террористері - шейхымақтардың әсетінен сауатсыз тобырлар

– Мұхитдин аға, қарапайым ғана сұраққа жауап берсеңіз. Адам қалай террорист болады?

– Жалпы, содырларға психологиялық зерттеу жүргізілгенде, ең алдымен олардың бәрі террорлық іс-әрекеттің құрбаны екені анықталған. Өзінің адами қасиеттері мен өмірге деген сенімін жоғалтқан және болашаққа деген үміті өшіп, адами ұстанымы, сенімі бұзылғандар бірден террорист болатыны дәлелденген. Мұндай құрбандар болашақ өмірін жоғалтып алғандықтан, олардың жан-дүниелерінде қайғы-қасірет болады. Өмірден өз орнын таба алмай, қабілетсіз әрі диттеген мақсаттарына жете алмағандықтан, осының бәріне кінәліні езгеден көріп, өш алудың жолына түседі. Сол жолда өзін де құрбан етуді мақсат тұтады. Өйткені, оның бойында алдымен өзінің қабілетсіз болғаны, ал өзге адамдардың қабілетті болып диттеген мақсаттарына жетіп жатқаны, оны әрі қызғандырады әрі өшпенділік сезімін оятады. Екіншіден, оның ең қорқынышы – болашаққа деген үмітсіздігі. Яғни, болашағы күнгірт әрі өте қорқынышты болып көрінеді. Сол қорқынышының қасында өзін құрбан ету ешқандай да қорқыныш емес, керісінше әлгі қорқынышты басу, серпілту болып саналады. Ал, мұны жаман пиғылды топтар өз мақсаттарына пайдаланып кетеді.

– Көбіне қай жастағы адамдар бейім болып келеді?

– Әрине, жасы ұлғайған жандарда мұндай қорқыныш кездесе бермейді. Психолог ғалымдардың сөзіне қарасақ мұндай сезімдер көбінесе 17-23 жастағы жастар арасында кездеседі. Осы жас аралығындағы террористерді зерттегенде, олардың көбі ата-насынан және өз ортасынан қорлық көрген, мұң-зарын ешкімге айта алмағандар. Олар үйде де, сыртта да, жалпы қоғамнан шеттетілгендер.

– Яғни, оларды толығымен рухани науқасқа шалдыққандар деп атауға бола ма?

– Келісемін. Біреуі өзінің кім екендігін, енді бірі ұлтшылдығын, енді бірі діни сенімін алға шығарғысы келеді. Бірақ, табысқа жете алмаған соң қаталдық арқылы тез арада қол жеткізуге тырысады. Егер, өзін танытқысы келсе тірі бомбаға айналады. Ал қоғамдық болса арнайы өзін қолдайтын террорлық топтарға қосылады. Кейбір психологтар оларда мұндай науқас көрінбейтінін, бар-жоғы түрлі себептерден болатынын айтады. Мысалы, туғаннан атыс-шабыс арасында өскен, өзгелерден қорлық көріп, ешбір тірі жанға сенбей, барлық адамдарды өзіне жау көріп өсу де адамды террорлық іс-әрекетке сүйрейтінін алға тартады. Сондай-ақ, психологтар әрбір террористің өзіндік психологиялық ауытқуы барын айтады. Террористердің бәрін «бір таразыға салып тарту» қиын екендігіне назар аудартады.

– Жалпы, террористердің түрлі типологиялары барын білеміз. Мысал ретінде, ДАИШ құрамындағы содырларды екі топқа бөліп қарастырады. Біріншісі - психологиялық ауытқуға ұшырағандар. Ал, екіншісі ислам дінін білмейтіндер. Осы екі топты анықтап түсіндіріп берсеңіз...

– Дұрыс айтасыз. Террористердің арасында ақыл-есі дұрыс, интеллектісі жоғары тұлғалар, сондай –ақ сауаты шамалы адамдар да кездеседі. Психикалық тұрғыда ақыл есі толық емес фанатиктер де жетіп артылады. Сол секілді ақшаға байланысты - пайдақүнөмдік мотивтері ретінде де анықталуа болады.

Ал, қазіргі ДАИШ-те өз-өзін жауып жатқан «мұсылмандарға» келетін болсақ, бұлардың психологиялық ауытқулары бір арнаға тоғыса бермейді. Өйткенмен, бұларды өзінді айтқандай, екіге бөліп қарауға болады. Әуелгі топта психологиялық ауытқулар бар. Отбасымен дұрыс қарым-қатынаста болмаған немесе бала кезінде ортасынан қысым көрген, қысқаша айтқанда өмірден опа таппаған жас. Біздің елдегі суицидтің басым көпшілігі осындай себептен болып жатады. Осындай жастар теріс ағымдардың қолына түссе, оп-онай олардың ығына жығалады.

Екінші топтағылар - ислам дінін білмейтіндер. Олар өз дінін білгісі келіп жүргенде, сол теріс ағымның қолына түседі де оңай және төте жолмен жұмаққа барғысы келеді. Олардың шейтары оларға аят пен хадистен мысал бере отырып (бұрмалап), шейіт болудың қадір-қасиетін айтып, дәрі арқылы емес кедімгі насихат арқылы өздерін құрбан етуге дайындайды. Олар, тіпті жұмақта жүргенді сезінеді. Яғни, бірі қоғамнан өш алу үшін, кек алу үшін істесе, енді бірі өзінің жұмақтық бақыты жолында зұлымдықты дұрыс санайды. Бұл топтағыларды егер дін білетін біреу олардан бұрып әкетіп, ұзақ уақыт насихаттайтын болса өз райларынан қайтуы мүмкін. Бұл ретте айтармын, террорлық іс-әрекетке баратын содырлардың бәрін бір таразыға қойып, бәріне бірдей диагноз қою қиын. Бірақ, бәрінің де адами қасиет жағынан психологиялық ауытқулар бар екені анық.

– Осы, теріс ағымдардың жергілікті халық дәстүрлерін, құлшылықтағы кейбір айырмашылықтарын ширек шығарып, бидғатқа балауы қаншалықты қауіпті деп ойлайсыз?

– Бидғатшылықтың қауіп сырттай қарағанда, содырлық әрекеттермен салыстырғанда қауіпсіз тәрізді көрінгенмен, салыстырмалы жағынан келгенде оның содырлық әрекеттерге баратын жастарды дайындауға жеткен психологиялық ауытқуына ерекше рөл атқаратын жақтары бар. Яғни, бидғатшылық қауіп содырлық қауіптің түпкі тамырлары деп айтуға келеді. Бидғатшылықтың түбінде халық пен қоғамды өзіне жау ету жатыр.

Жалпы, исламда бидғат жаман-жақсы болып екіге бөлінеді. Бидғат деген сөз асылы дінде болмай, кейіннен адамдардың не болмаса белгілі бір халықтың дінде жоқ нәрселерді дін етіп көрсетіп, соны діни амалдай санауы. Мысалы, сахабалар Мысырды алғанда ол жерде сол баяғы пирамида тәрізді жәдігерлік ескерткіштер көп еді. Бірақ, оларды қиратпаған. Султан Фатих да Асотиияны мешітке айналдырғанда қабырғалардағы христиандардың киелі санаған

суреттерге тиіспеген. Ауғанстан тәрізді елдерде де Орта Азияда көне будда тәрізді діндерге арналған жәдігерлер әлі күнге дейін сақталған еді. Міне, дінде осылай бола тұра ислам атын жамылған содырларда осыған қарама-қайшы әрекеттердің болуы, олардың исламға қарама-қайшы топтар екені анық білінеді.

Олар өздеріне бір жеткіншекті тартқан кезде, осы бидғатшылықты басқаша түсіндіріп, қоғамды өзіне жау етіп көрсетеді. Мысалы, қазақтың бүкіл салт-дәстүрін және ханафидің фәтуаларын дінде болмаған нәрсе етіп көрсетіп, жастың санасында «бұлар адаққан, ендеше олардың қанын төгу – халал» деген түсінік орнықтырады. Мұның арты «бұл ел, бұл ұлт сенің ұлтың емес, сенің барың да, жақының да бізбіз» дегенге ұласады. Яғни, техникалық тілмен айтқанда «виндоусыс» тұтас ауысады. Түрі қазақ, бірақ жан дүниесі тұтастай өзгеріп кетеді.

– Өзіңіз білесіз, қазіргі уақытта радикал-ды топтар содырларды дайындауда Құран аяттарын жиі пайдаланады екен. Әрине, аяттарды терең түсіндірмей, өз мақсаттарына ыңғайлап, жастардың санасына басқаша пікір қалыптастырады. Осы ретте, құранның астарлы аяттарын қалай түсіндіруге болады? – Жорамал арқылы ғана түсіндіруге болады.

Мысалы, Құранда Алла Тағаланың затына қатысты аяттарды Имам Матуринді тәрізді ғалымдар жорамал арқылы түсіндірген. Бірақ, жорамал тұп-тура ақиқат, мензеген мағынаның дәл өзі деген сөз емес. Сол астарлығы жақын мағына. Мұндағы мақсат – қарапайым халықты ақиқатқа жақындату және ақиқаттан алыстап-тапсу. Ал, мұның содырларды дайындауда қандай психологиялық әсері бар деп сұрайтын болсаңыз, бұл жерде әсері мол. Жалпы, исламда ең әуелі сенім – Аллаға сенім, Аллаға деген түсінік. Ал, енді содырларды дайындайтын психолог мамандар өзінің нысаналық адамының санасында «жорамалдарды» жоққа шығарып, астарлы аяттар туралы басқа пікір айтып, солай қалыптастырғанда, оның сенімі мүлде басқаша болып шыға келеді. Яғни, ол нысана өз межесінен тайғанда, күллі қоғаммен үйлеспейтін бар-жоғы сол елде «жиһад» жасауға араб елінен келген мұжәһид болып сезінетін болады. Сол үшін де олар арнайы өздерінің бағыты қойылған діни терминдерді жиі айтқызатын болады.

Бұған қатысты «Әли Иман» сүресіндегі жетінші аятта мұндай астарлы аяттар-ды жүрегінде ауытқу болғандар ел ішінде бүлік шығару үшін өз идеологияларына пайдаланатындығы ашық айтылады. Тіпті Мұслимде хазіреті Аиша Пайғамбарымыздан «олар кімдер?» деп сұрағанда Алла елшісі астарлы аяттарға қарай жүгіріп, өзіне қарай бұра тартқандарды көрсен, міне Алланың атап көрсеткені солар деп белгілерін береді.

– Ал ДАИШ құрамындағы діни санасы уланған, діни білімі таяз азаматтар тек ДАИШ уағызын тыңдаумен шектеледі емес пе?

– Иран билігі қалай Аятолладан жеңілді? Олардың ең басты қателігі, оған жөй бір уағызшы ретінде қарап, мән бермеді. Ол шет елде жүрсе де халық арасында уағыз насихатын кең жайды. Ол діни уағызды пайдаланып, өзінің саяси идеологиясын діни мотив арқылы жақсы жүргізе алды. Ол төңкеріліс жасаған кезде халық әлдеқашан өзін болып, бояуы сіңіп кеткен еді.

Ендеше, саясатшылар ғана емес содырлардағы психолог күштер де діни мотивпен өз идеологиясын кеңінен жүргізеді. Дінді қашан да сыңар жақты етіп түсіндіріп, соны сіндетін болса қалғанының бәрі жалған болып көрінеді. Өйткені, дінді саяз білетін адамда діни түсінік солардың идеологиясына қарай қалыптасып, қатады. Оны олар аят пен хадистерді пайдалана отырып қалыптастырады. Белгілі бір уақыттан кейін ол қалыптан айнуы өте қиынға соғады. «Келіннің бетін кім ашса сол ыстық көрінеді». «Ет пен тері жымдасып, сүйек қатайған соң ота жасау қиынға түседі». «Қысық айна тәрізді. Дүниенің ең түзуін де қысық көрсетеді». Ал, ислам түсінігінде олай емес. Мысалы, исламда қалыптасқан төрт мәнәб бар. Мұсылмандар сол мәнәб имамдарының бәрін ұстаз санайды. Ендеше, ДАИШ уағзын тыңдаған ел арасындағы жастар арнайы лагерлерде содырлыққа дайындалып жатқан бір жерде жиналған топтар тәрізді. Уағыз арқылы содырларды дайындау елде қайда жеңіл әрі елде қайда шығынсыз болады. Ал, жою жағынан көлсек лагерлерді жою оңай, ал ел арасында санасы өзгергендерді түзеу аса қиынға түседі. Олар қазір көрінбегенмен, уақыты келгенде жау-ыннан кейінгі сансырауқұлақтай бүрк ете қалады.

– Мамандар ДАИШ құрамындағы жастардың көбі тәкіршілер екенін алға тартады. Жалпы, тәкір ұғымының мәнін түсіндірсеңіз...

– Тәкір ұғымының психикалық түбіне үңілсек өз тобынан, өз үйінен басқаның бәрін жау санау деген сөз. Әрбір санасында тәкірлік пікір қалыптасқан адам өз деңгейінде террорист деген сөз. Ең азы содырлық жұқпалы дерт жұқтырған адам. Қазіргі Кореядағы «эбола» дертінен де жаман. Өйткені ондай дерттердің әйтеуір бір күні емі табылады. Бір ем бәріне жарайды. Ал, тәкірлік дертін жұқтырғандардың бәріне бір ем әсер ете бермейді. Жазылғанмен күндердің бір күні бұғып жатып, қайта бас көтере салуы мүмкін. Өйткені, оның ұғымында өздерінен басқа барлық жер бетіндегі мұсылмандар – кәпір мән екі жүзді мұналық. Күллі мешіт пен имамдар сол кәпірлердің басшысы, Әбу Жәһілдер болып саналады.

ДАИШ идеологиясының негізінде тәкіршілік ұғым мән сенім жатыр. Олардың идеологиясы тек шариғатқа ғана қарсы емес, күллі адами қасиеттердің бәріне жат нәрсе. Олардың тағылықтары ең азын жыртқыштардан да асып кеткен. Ал, исламдағы шариғат адами қасиеттердің бәрін қорғау үшін, жер бетіне зұлымдықты жойып, әділдік пен бейбітшілік орнату үшін Алладан берілген.

– Арнайы уақыт бөліп, тағылымды сұхбат бергеніңізге рахмет!

Гүлмира ШАРХАНҚЫЗЫ
mazhab.kz,
e-islam.kz
10.09.2015 жыл

САРЫСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ШЕШІМІ
Жаңатас қаласы №21 10 маусым 2016 жыл

Сарысу ауданы Жаңатас қаласы және Жайылма ауылдық округінің әкімдерін сайлауын тағайындау және сайлауды әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық Заңына, «Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізудің кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі №555 Жарлығына сәйкес, аудандық аумақтық сайлау комиссиясы ШЕШІМ ЕТЕДІ:

1. Сарысу ауданы Жаңатас қаласы және Жайылма ауылдық округі әкімдерінің сайлауы 2016 жылдың 11 шілдесіне тағайындалсын.
2. Қоса беріліп отырған 2016 жылғы 11 шілдеге

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2016 жылғы 10 маусымдағы №21 шешімімен бекітілді

2016 жылғы 11 шілдеге тағайындалған Сарысу ауданы Жаңатас қаласы және Жайылма ауылдық округі әкімдерінің сайлауын әзірлеу мен өткізу жөніндегі негізгі іс-шаралардың Күнтізбелік жоспары

1. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік тұрғындарының назарына жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сайлау күні туралы хабарды жеткізу.
Аумақтық сайлау комиссиясы.

2. Бұқаралық ақпарат құралдарында тиісті аумақтық сайлау комиссиясының құрамын жариялау.
Аумақтық сайлау комиссиясы.

3. Әкімдікке кандидаттарды балама негізде аумақтық сайлау комиссиясына тиісті әкімнің ұсынымы мен кандидаттардың тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында әкімдікке кандидаттар ретінде дауысқа түсуге келісетіні туралы өтініштерді беруі арқылы ұсыну.
Аудан әкімі.

Сайлау күнінен 30 күн бұрын – 2016 жылғы 11.06. басталады және сайлау күніне 25 күн қалғанда – 2016 жылғы 16.06. аяқталады.
(п.п. 1, 7) п. 9)

4. Таңдаушылардың тізімдерін жасау және оларды дауыс беруге арналған пунктте ілу.
Аумақтық сайлау комиссиясы тиісті мәслихат хатшысының ұсынуы бойынша.
Дауыс беру күніне 7 күн қалғанда – 2016 жылғы 03.07.

5. Әкімдікке кандидаттарды Қазақстан Республикасы Конституциясының 33-бабы 3-тармағында және Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің сайлауын өткізу ережесінде қойылатын талаптарға сәйкестігін анықтау, тиісті хаттама жасау.
Аумақтық сайлау комиссиясы.

6. Тұрғылықты жері бойынша салық органдарына 2016 жылғы 1 маусымға табысы мен мүлкі туралы декларация тапсыру.
Кандидат және оның зайыбы (жұбайы).
Кандидат тіркелгенге дейін.

7. Кандидаттарды тіркеу және тиісті куәлік тапсыру.
Аумақтық сайлау комиссиясы
Барлық қажетті құжаттар алынғаннан кейін басталады және дауыс беретін күнге 15 күн қалғанда – 2016 жылғы 26.06. аяқталады.
(п.п. 12, 17, 19)

8. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдары арқылы немесе өзге тәсілмен кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлау.
Аумақтық сайлау комиссиясы.
Кандидаттар тіркелгеннен кейін 7-ші күннен кешіктірмей.

9. Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) жарияланған табысы және мүлкі туралы мәліметтердің дұрыстығын тексеру.
Салық қызметі органдары.
Кандидат пен оның зайыбы (жұбайы) декларацияны тапсырған күннен бастап 7 күннің ішінде.

10. Кандидаттардың сенім білдірілген адамдарын тіркеу және оларға тиісті куәліктер беру.
Аумақтық сайлау комиссиясы.
Сенім білдірілген адамдардың тізімдерін тіркеу үшін берген сөттен бастап.
(п.п. 2) п. 9, п. 33, 34)

11. Кандидаттарға таңдаушылармен кездесулері

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидалары нормаларына сілтемелер жасалды.

Бесінші шақырылған Сарысу аудандық мәслихатының 2014 жылғы 17 сәуірдегі №27-4 шешімімен бекітілген аумақтық сайлау комиссиясының құрамы

№	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы мүшесінің аты-жөні, тегі	Аудандық аумақтық сайлау комиссиясындағы қызметі
1	Имашев Ерлан Оспанбекұлы	Аудан әкімдігінің қаржы бөлімінің басшысы, комиссия төрағасы
2	Құлыбеков Қуаныш Қайратұлы	Аудандық мәслихат аппаратының басшысы, комиссия төрағасының орынбасары
3	Қожаназарова Светлана Ергалиқызы	Аудандық орталықтандырылған кітапханалар жүйесінің директоры, комиссия хатшысы
4	Әбдіров Мәулен Сәрсенбекұлы	Аудан әкімдігінің білім бөлімінің заңгері, комиссия мүшесі
5	Данияров Нағашбек Кеңесбекұлы	Аудандық телекоммуникация торабының директоры, комиссия мүшесі
6	Қырғызбаев Сахарай	С. Сейфуллин атындағы орта мектебінің директоры, комиссия мүшесі
7	Уалиев Сейтмағанбет Жамбылұлы	Аудан әкімдігінің жер қатынастары бөлімінің басшысы, комиссия мүшесі

ХАБАРДАР БОЛҒЫЗДАР

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы – Жаңатас қаласы, 3 шағынаудан №45 үйде, аудандық мәдениет үйі ғимаратында орналасқан.
Байланыс телефоны: 6-29-06

Жергілікті қоғамдастықпен кеңесу өтеді

Жаңатас қаласы және Жайылма ауылдық округі әкімі лауазымына үміткерлерді қарау жөніндегі аудан әкімінің Жаңатас қаласының жергілікті қоғамдастықпен кеңесі (консультация) 2016 жылғы 14 маусым күні сағат 15.00-де аудан әкімі аппаратының ғимаратында

үшін шарт негізінде үй-жайлар беру.
Кандидаттардың бөлінген үй-жайда таңдаушылармен кездесу кестесін жасау және оны бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау.
Жергілікті атқарушы органдар және жергілікті өзін-өзі басқару органдары.

Тиісті аумақтық сайлау комиссиялары.
Сайлау алдындағы үгітті жүргізу кезеңінде.
(п.п. 1, 7) п. 9)

12. Сайлау алдындағы үгітті жүргізу.
Әкімге кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.

Кандидаттарды тіркеу аяқталған күннен басталады және сайлау күнінің алдындағы күні – 2016 жылғы 09.07 жергілікті уақыт бойынша 24 сағатта аяқталады.
(п. 28)

13. Аумақтық сайлау комиссияларында сайлау қорларын тіркеу.
Әкімге кандидаттар, олардың сенім білдірілген адамдары.

Кандидаттың тиісті аумақтық сайлау комиссияларына өтініш жасаған сәтінен бастап бір күнтізбелік күннің ішінде.
(п.п. 1, 7) п. 9)

14. Сайлау қорларының арнайы уақытша шоттарын ашу.
Аумақтық сайлау комиссиясы.
Кандидат тіркелгеннен кейін.
(п.п. 1, 7) п. 9)

15. Дауыс беруге арналған пунктті ашу, тиісті хаттама жасау.
Аумақтық сайлау комиссиясы.
Дауыс берудің басталуына бір сағат қалғанда.
(п. 52)

16. Әкімнің сайлауын өткізу. Әкімді сайлау жөніндегі дауыстарды санау және дауыс беру нәтижелерін жария ету, әкімді сайлау нәтижелері туралы хаттама жасау.
Аумақтық сайлау комиссиясы.
Бір күннің ішінде - 2016 жылғы 11.07.
(п.п. 47-54)

17. Сайланған әкімді тіркеу. Шешімді жоғары тұрған әкімге және тиісті мәслихатқа ұсыну.
Аумақтық сайлау комиссиясы.
Сайлау өткізілген күннен бастап бес күндік мерзімде – 2016 жылғы 15.07. кешіктірмей.
(п. 57)

18. Кандидаттың сайлау қоры қаражатын пайдаланғаны туралы аумақтық сайлау комиссиясына есеп беруі.
Әкімге кандидаттар.
Сайлау қорытындылары анықталғаннан кейін 5 күннен кешіктірмей - 2016 жылғы 15.07. кешіктірмей.
(п. 44)

19. Жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында сайлау қорытындылары және сайланған әкімді тіркеу туралы хабар жариялау.
Аумақтық сайлау комиссиясы.
Сайлау өткізілген күннен бастап 7 күннен кешіктірмей – 2016 жылғы 17.07. кешіктірмей.
(п.п. 1, 7) п. 9, п. 59)

Ескертпе: Күнтізбелік жоспардың мәтінде Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 24 сәуірдегі № 555 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының аудандық маңызы бар қалалары, ауылдық округтері, ауылдық округтің құрамына кірмейтін кенттері мен ауылдары әкімдерінің қызметке сайлау, өкілеттігін тоқтату және қызметтен босату қағидалары нормаларына сілтемелер жасалды.

Аудан әкімі аппараты



сы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған «Текті сөздің төресі»

Құттықтаймыз!

Жуырда Жамбыл облысы әкімдігінің тілдерді дамыту басқармасының ұйымдастыруымен өткен Қазақстан республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай ұйымдастырылған «Текті сөздің төресі»

терме» атты облыстық байқауына аудан намысын қорғауға барған әріптесіміз Дариха Пазылбекқызы қатысып, үшінші дәрежелі дипломмен оралды.

Әріптесімізді осы қуанышымен шын жүректен құттықтаймыз!

Редакция ұжымы

Мектеп өмірі

Кестелеу өнерінің шебері

Қазақ халқының қолөнерінің бірі кестелеу өнері. Мектеп жасынан осы өнерге оқушыларды баулу қазіргі заман талабына сай жақсы жолға қойылған. Жуырда жол түсіп Өндіріс ауылындағы Ж.Отарбаев атындағы орта мектебінде болып технология пәнінің ұстазы Ильясова Ақжарқын Шубайқызымен тілдескен едік. Ақжарқын қарындасымыз Тараз қаласындағы мемлекеттік педагогикалық институтын және инновациялық гуманитарлық университетін технология пәнінің мұғалімі және педагогика ғылымдарының магистрі мамандықтары бойынша тәмамдапты. «Тараз-Фасыр» колледжінде еңбек жолын бастап, төрт жыл мерзім ішінде оқушыларды жоғарғы оқу орындарынан алаан білімдерімен сусындатқан жас Өндіріс ауылына келін болып келгеннен кейін еңбек жолын ауыл мектебінде жалғастыраған екен. Мектеп директоры Д.Ыбырысованың айтуынша Ақжарқын ұстаздар мен оқушылардың арасында беделді, білікті ұстаз, сабақтары өте жоғарғы деңгейде өтеді. Осыған бір дәлел, А.Шубайқызы дайындаған 10 сынып оқушысы Байбол Назым аудандық білім бөлімі ұйымдастыраған технология пәні байқауында 1 орынды жеңіп алды. Кестелеу өнерін шебер меңгергенін



танытқан Назым Тараз қаласында облыстық білім бөлімі ұйымдастырған «Облыстық технология пәнінен оқушылардың шығармашылық жобасы» байқауында 1 орынға ие болды. Назымның ұлттық нақыштағы кестелеуіне, нәтижесінде дайындау барысындағы слайд-көріністеріне, бейне таспаларына, іс-қағаздарына байқау комиссиясы жоғары баға берді. Бір нәтижесінде дайындау үшін 6 айға дейін уақыт жұмсалады екен. Матаны тарту, мапаға мағыналы сурет салу, жартылай трикотажды өр түсті жіптермен салаан суреттерді қолмен жүргізу, рамкілеу сияқты жұмыстар жүргізіледі. Сондықтан кестелеу өнері тек шеберлікті емес, шыдамдылықты да талап ететін өнер екенін байқадық. Технология пәнінің мақсаты оқушыларды сәндік қолданбалы өнерге баулу. Оларға тігу, кестелеу, оюлау, құрақ, құрау, пішу, шілтерлеу кіреді. Осының бәрін оқушыларға қазақтың қолөнері ұмыт қалмасын деп үйрету басты парызым - деді Ақжарқын Ильясова бізбен әңгімесінде.

Нұржан, ЕСМАХАНОВ, Өндіріс ауылы

Сақ болайық:

ӨРТ ОҚИҒАЛАРЫ

Биылғы жылдың алғашқы 5 айында аудан көлемінде 11 өрт оқиғасы тіркеліп, шығын 5050000 теңгені құрады. Өрттің басым көпшілігі әдеттегідей жеке меншік тұрғын үй секторларында орын алып отыр. 7 өрт оқиғасы азаматтардың жеке меншігінде, оның ішінде 4 тұрғын үйлерден шыққан. Өрт талдауы бойынша көп жағдайларда өрттің шығуына электр құралдары мен жабдықтарының өрт қауіпсіздігі ережелеріне сәйкес келмегендіктен 3 өрт оқиға және 5 автокөліктің өртенуі оқиғасы тіркелген. Өрттің саны жылдан-жылға көбеюде. Автокөліктердегі өрт оқиғаларынан болған шығын 1050000 теңгені құрайды. Аулала жиналып тұрған қураған шөпке, ұшқынның тиюінен сақ болыңыздар. Жылдап жинаған мүліктеріңіз бен өзіндік және жақындарыңыздың өмірі өз қолдарыңызда. Өртті болдырмау үшін қарапайым өрт қауіпсіздігі ережелерін естен шығармаған жөн. «Өрт – тілсіз жау» деп дана халқымыз бекер айтпаған. Ол өз жолында кездескенді аямайды. **М.ЖАКПОВ, аудандық Төтенше жағдайлар бөлімінің аға инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты.**

ОБЪЯВЛЕНИЕ ОБ ОТКРЫТИИ НАСЛЕДСТВА

Открылось наследственное дело после смерти **Медведева Геннадия Андреевича**, умершего 31 декабря 2015 года, наследников просим обратиться к нотариусу Игликову Аманкелды Нугмановичу, по адресу : Жанбылская область, Сарысукий район, город Жанатас, 3 микрорайон, дом 31А, квартира 121. Тел:6-47-37.

Советы специалиста

ности в соответствующей сфере. В дальнейшем ежегодно по сроку не позднее 20 июля текущего года, сумма лицензионного сбора будет увеличиваться по мере роста месячного расчетного показателя. С 21 июля 2016 года при выявлении фактов неуплаты лицензионного сбора будут применяться штрафные санкции – на индивидуальных предпринимателей и юридических лиц – субъектов малого предпринимательства в размере 150 МРП с приостановлением действия лицензии. Повторное нарушение – такой же штраф, но с лишением лицензии. **Ш.АСАНОВА, главный специалист Управления государственных доходов по Сарысускому району**

Ежегодный лицензионный сбор

С 1 января 2015 года Законом введен ежегодный лицензионный сбор для лиц осуществляющих оптовую и розничную реализацию алкогольной продукции. При этом сумма сбора для лиц – розничных реализаторов алкоголя сумма лицензионного сбора будет установлена с дифференциацией в зависимости от административно – территориальной единицы (в столице, городах республиканского и областного значения – 100 МРП, в городах районного значения и поселках – 70 МРП, в сельских населенных пунктах – 30 МРП). При этом ежегодный лицензионный сбор уплачивается за каждый объект деятельности. Срок уплаты сбора ежегодно до 20 июля текущего года, за исключением первого года осуществления деятель-

Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру

Аудан әкімдігінің білім бөлімі қорғаншылық және қамқоршылық кеңесінің функцияларын жүзеге асыратын органында Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары бойынша барлығы 9 түрінің қызмет көрсетеді.

Қызмет атауы	«Қорғаншылық және қамқоршылық жөнінде анықтамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты
Кіммен көрсетіледі	Астана және Алматы қалаларының, аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші)
Құжаттарды қабылдау және ұсыну	«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация); 2) көрсетілетін қызметті беруші; 4) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.
Қызметті беру нысаны және уақыты	1) Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны-электрондық (шішара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз жүзінде 2) Мемлекеттік қызмет жеке тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі. Мемлекеттік корпорациясына құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ портал арқылы етініш берген кезде – 5 минут; Жетім балаға (жетім балаларға) және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаға (балаларға) қамқоршылық немесе қорғаншылық белгілеу жөніндегі деректер ақпараттық жүйеде болмаған жағдайда мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі – 3 (үш) жұмыс күні (Мемлекеттік корпорацияда құжаттар қабылданған күн мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді); 3) құжаттардың топтамасын тапсыру үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут.
Нәтижесі	көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қамқоршылық және қорғаншылық белгілеу туралы анықтама.
Қажетті құжаттар тізімі	1) мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша етініш. 2) көрсетілетін қызметті алушының және басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі); 3) бала 2007 жылғы 13 тамызға дейін не Қазақстан Республикасынан тыс жерде туылған жағдайда баланың туу туралы куәлігі (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етілді). Порталда: 1) көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысандағы сұраныс; Порталда электрондық сұранысты қабылдау көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» жүзеге асырылады.
Жауапты маман	Ұ.Жұмадіпова.

Жаңатас қаласы бойынша мешіт құрылысына шаруа-қожалықтары мен тұрағындары атынан көрсетілген көмек туралы мәлімет		
р/с	Демеушінің аты-жөні	Көрсетілген көмек көлемі мен түрі
1	«Жарасбек-ата» ШҚ төрағалары Ерубәев Пейішбек, Ерубәев Пернебек	50000 теңге
2	«Тәуекел» ШҚ төрағасы Утеулиев Көрпеш	40000 теңге
3	«Дәнекер» ШҚ төрағасы Нұрмаханбетов Боранбай	20000 теңге
4	«Нұргиса» ШҚ төрағасы Ордабаев Қайрат	20000 теңге
5	«Мақсары өнімдері» ШҚ төрағасы Көлбаев Зейдін	10000 теңге
6	Райханов Қанат	20000 теңге
7	Тоқтыбаев Аман	15000 теңге
8	Төкебаев Жарылқасын	1 қой
9	Әлмаханов Нұрғазы	1 қой
Жаңатас қаласы әкімінің аппараты		

Қоғам және заң

Мұрагерлік заңмен реттеледі

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 6 бөлімі, 57-тарауының Мұрагерлік туралы жалпы ережелері бойынша Мұрагерлік - қайтыс болған азамат (мұра қалдырушы) мүлкінің басқа адамға (адамдарға) - мұрагерге (мұрагерлерге) ауысуы болып табылады. Қайтыс болған азаматтың мұрасы басқа адамдарға әмбебап құқық мирасқорлығы талаптарымен, егер осы бөлімнің ережелерінен өзгеше туындамаса, бірыңғай тұтас нәрсе ретінде және бір-ақ мезгілде ауысады.

Мұрагерлік осы Кодекспен, ал тікелей өзі белгілеген жағдайларда өзге де заң актілерімен реттеледі. Мұрагерлік өсиет және (немесе) заң бойынша жүзеге асырылады. Мұра қалдырушының жеке басына тығыз байланысты мына құқықтар мен міндеттер: егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болу құқығы; өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы; алименттік міндеттемелерден туындайтын құқықтар мен міндеттер; зейнетақы төлемдеріне, жәрдемақылар мен Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңдарының негізінде басқа да төлемдер алу құқығы; заңнамалық актілерде белгіленген жағдайларды қоспағанда, мүлкікті құқықтармен байланысы жоқ жеке мүлкікті емес құқықтар мұраның құрамына кірмейді. Мұра қалдырушыға тиесілі болған жеке мүлкікті емес құқықтар мен басқа да материалдық емес иіліктерді мұрагерлердің жүзеге асыруы және қорғауы мүмкін. Ортақ бірлескен меншікке қатысушының қайтыс болуы оның меншіктегі үлесін айқындау және ортақ мүлкікті бөлу не осы Кодекстің 218-бабында белгіленген тәртіппен одан қайтыс болған қатысушының үлесін бөліп шығару үшін негіз болып табылады. Бұл жағдайда мұра қайтыс болған қатысушының ортақ мүлкіктегі үлесіне, ал мүлкікті заттай бөлу мүмкін болмаған кезде - үлестің құнына қатысты ашылады. Ортақ бірлескен меншікке қатысушы ол қайтыс болғаннан кейін осы баптың 1-тармағына сәйкес айқындалатын ортақ мүлкіктегі өз үлесіне өсиет қалдыруға құқылы. Мұра азаматтың қайтыс болуы немесе оны қайтыс болды деп жариялау салдарынан ашылады. Мұра қалдырушының қайтыс болған күні, ал оны қайтыс болған деп жариялаған кезде, егер сот шешімінде басқа күн көрсетілмесе, азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі күшіне енген күн мұраның ашылу уақыты болып табылады. Егер, бірінен кейін бірі мұрагер болуға құқылы адамдар бір күнде қайтыс болса, олар бір мезгілде қайтыс болған деп танылады және олардың әрқайсысынан кейін мұрагерлік ашылады да олардың әрқайсысының мұрагерлері мұрагерлікке шақырылады. Мұра қалдырушының соңғы тұрған жері, ал егер ол белгісіз болса - мүлкікті немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері мұраның ашылу орны болып табылады. Мұра ашылған кезде тірі жүрген, сондай-ақ мұра қалдырушының тірі кезінде іште қалған және мұра ашылғаннан кейін тірі туған азаматтар өсиет және заң бойынша мұрагер бола алады. Мұра ашылғанға дейін құрылған және мұраның ашылу уақытында болған заңды тұлғалар, сондай-ақ мемлекет өсиет бойынша мұрагерлер болуы мүмкін. Мұра қалдырушыны немесе мүмкін болатын мұрагерлердің біреуін қасақана өлтірген немесе олардың өміріне қастандық жасаған адамдардың өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ. Бұған өсиет қалдырушы оның өміріне қастандық жасалғаннан кейін өздеріне қатысты өсиет қалдырған адамдар кірмейді. Мұра қалдырушының соңғы өркін жүзеге асыруға қасақана көдергі жасаған және сол арқылы олардың өздерін немесе оларға жақын адамдарды мұрагерлікке шақыруға не мұраның оларға тиесілі үлесін көбейтуге ықпал жасаған адамдардың өсиет бойынша да, заң бойынша да мұра алуға құқығы жоқ. Балаларына ата-аналық құқықтарынан айырылған және мұра ашылған кезде бұл құқықтарын қалпына келтірмеген ата-аналардың балаларынан қалған мұраны, сондай-ақ мұра қалдырушыны күту жөнінде өздеріне заң күшімен жүктелген міндеттерді орындаудан жалтарған ата-аналардың (асырап алушылардың) және көмелетке толған (асырап алынған) балалардың заң бойынша мұраны алуға құқығы жоқ. Лайықсыз мұрагерлерді мұрагерліктен шеттетуге негіз болатын мән-жайларды сот белгілейді. Мұрагерлік мүлкікті қайтару мүмкін болмаған кезде лайықсыз мұрагер оның нарықтық құнын өтеуге міндетті.

Д.ТӨЛЕНБЕКОВ, аудандық соттың судьясы

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛСЫН

Талғат Перменович ОМАРОВТЫҢ атына берілген жүргізуші куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Шамбылбек ҚҰДАЙБЕРГЕНОВТЫҢ атына берілген ВА3 21063 маркалы автокөліктің техникалық төлқұжаты, Н648ЕDМ екі мемлекеттік нөмірі жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

ҮЙ САТЫЛАДЫ

Саудакеңт ауылы, М.Әуезов көшесіндегі №53 үй сатылады. Үй 7 бөлмелі, жаздық сарайы, автотұрағы, 24 сотық жері, түрлі жеміс ағаштары бар. Бағасы келісімді.

Байланыс телефоны: 87051388010, 87752798728.

Жаңатас қаласы, Көк-су көшесіндегі №75-76 үй сатылады. Үй 5 бөлмелі, 1,5 қабатты. Бау-бақшасы, қора-қопсысы бар. Малға жайлы. Басқа да ұсыныстар бар.

Байланыс телефондары: 87755941708, 87783449090.

ЕСКЕ АЛУ

Жаңатас қаласының тұрғыны болған, ардақты ұлымыз, отбасымыздың тірегі **Мерей Қалдыбергенұлы ЖӘНІБЕКОВ** өткен жылдың 14 маусымында 35 жасында келместің кемесіне мінген еді. Шаңырағымыздың тірегі, қамқоршымыздан айырылып, басымызға қайғының бұлты торлады. Бір Алладан тілеріміз ардақтымыздың жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын дейміз.

Әкешім өмірден өткеніне жыл да толды, Өмірің жауқазындай ерте солды. Елгізіп елендейміз өзіңді іздеп, Жүрегіміз сағыныштан мұңға толды. Әкетай атыңды әркез ұлықтаймыз. Ешқашан нұр бейненді ұмытпаймыз. Жатқан жерің жайлы болып жан-әкешім, Рухың желеп жүрсін бізді дейім.

Марқұмның рухына бағыштап, Жаңатас қаласы, Көк-су көшесі №131 үйде 16 маусымда қоңақасын, 17 маусымда жылдық асын таратамыз.

Еске алушылар: әкесі - Қалдыберген, анасы - Гүлсара, жұбайы - Гүлзира, ұлы - Бақберген, қызы - Сағыныш, бауырлары - Нұргиса, Нұрәулет, Бақдәулет.



Меншік иесі:

“САРЫСУ” ГАЗЕТИ РЕДАКЦИЯСЫ” ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

Директор-бас редактор

Жамалбек ӨЗБЕКОВ

Газет Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 2012 жылғы 20 қарашада тіркеліп, №13162-Г куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары

Темірлан ӘБІЛДАЕВ

Жауапты хатшы

Дариха ҰМБЕТИЯРОВА

Бас есепші

Зәуре КӘРІБАЕВА

Тілшілер:

Жанна ЖЕТЕНОВА

(аға тілші)

Камели СҮЛЕЙМЕНОВА

Гүлнара БАЙБОСЫНОВА

Сәулет ЕСҚАРАЕВ

Дизайнерлер:

Ғалия ҚУАНЫШҚЫЗЫ

Гүлбану ҚАНЫБЕКҚЫЗЫ

• Редакция телефондары:

Директор-бас редактор-

6-29-21, (факс).

жауапты хатшы-6-22-01,

тілшілер-6-29-39,

бухгалтерия-6-19-12,

(факс).

• E-mail: sarysu_02@bk.ru

www.gazeta-sarysu.kz

• Таралымы 4155

• Тапсырыс №596

• Редакция мақала авторларының көзқарасы үшін жауап бермейді

• Жарнама мен хабарландырулардың, құттықтаулар мен көңіл айтулардың мәтіні мен мазмұнына тапсырыс беруші жауапты

• Газет уақытылы қолыңызға тимесе 6-19-12 телефонына хабарласыңыз

• Газет аптасына екі рет-сәрсенбі, сенбі күндері шығады

• Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Сенім» Жамбыл баспа орталығы» ЖШС-нің баспаханасында басылды. Мекенжайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі, №22 үй.

• Газет индексі - 65301

А-Материалдың жариялану ақысы төленген

Нөмірдің кезекшісі: Дариха Ұмбетиярова

• Мекен-жайымыз: 080700, Жаңатас қаласы, 1-шағынауданы, 28-үй.



ӨНЕРЛІ ӨРГЕ ЖҮЗЕР

«БАЛЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ БИ ӨНЕРІН ДАМУҒА ЖӘНЕ ҚОЛДАУ ҚОРЫ» ЖЕКЕ ҚОРЫ 2014 ЖЫЛДЫҢ АҚПАН АЙЫНДА ҚҰРЫЛҒАН. ҚОР МАҚСАТЫ-МӘДЕНИ, ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ, САҰЫҚТЫРУ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЖҮЗГЕ АСЫРУҒА ҮЛЕС ҚОСУ. ҚОРДЫҢ БҮКІЛ КҮШ-ЖІГЕРІ БАЛАЛАРДЫҢ МӘДЕНИ ЖӘНЕ ЭСТЕТИКАЛЫҚ ТАЛҒАМЫН ДАМУҒА ЖҰМСАЛАДЫ.

ҚОНЫНЫҢ ЕКІНШІ ЕСЕЛІ



Би өнері - Әлемнің рухани елшісі

Есеп концерттері балалардың шығармашылық тұрағына дамуына жол ашып, әлеуметтік қарым-қатынас пен беімділікті арттырып, дос-жаран, ұстаздар мен ата-аналар байланыстарын нығайта түседі.

«Балет және ұлттық би өнерін дамыту және қолдау қоры» жеке қорының бастамасымен құрылған хореографиялық үйірмелері тәрбиеленушілерінің екінші есеп концертін ауданымызда болып өтті.

Ауданымыздағы «Балет және ұлттық би өнерін дамыту және қолдау қоры» қорының жетекшісі Күләш Байтұрсынованың үлкен, орта, кіші топтағы шәкірттері «Көктем», «Раушан гүлі», «Латино», «Мадагаскар», «Ковбой», «Ақиқат үні» билерін мың бұрала орындап, көрермендерді бір

серпілтіп тастады. Ал «Самға» тобы «Ех, сұлу» өнін тамылжыта шырқады. Бір қуанарлық жағдай қазіргі таңда қор құрамында ер балалар көптеп көрінуде.

Іс-шара соңында Астана, Алматы, Тараз қалаларынан келген «Балет және ұлттық би өнерін дамыту және қолдау қоры» жеке қорының өкілдері, атап айтқанда, Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының білімгері, хореографы және Астана қаласынан келген хор өкілі Жаннат Абилдина, Тараз қаласынан келген қор өкілі Гүлмира Серікбаева сөз сөйлеп, өнер көрсеткен барлық қор тәрбиеленушілеріне арнайы сыйлықтарын табыс етті.

Камели СҮЛЕЙМЕНОВА,
«Сарысу»

Жақсының жақсылығын айт

Тілшілер қосыны келім-кетім кісіден кенде емес. Әркімнің айтар әңгімесі, шерттер сыры бар. Бұл күні редакциямызға арнайы келген қырық жастың қырықсындағы Айжахан Бұхарбаева қарындасымыз баямсыз өмір шыңдығын, бастан кешкен тағдыр талқысын ішке бүгіп, жасыраған жоқ. Риясыз көңіл, шын пейілмен азынан жарылып ақтарып-ақ салды.

«Әркім пешенесіне, маңдайына жазғанды көреді екен. Жаратқан ие білгенді адамнан жасырып қайтпейін. Екінші топтағы мүгедек, жарымжан жанмын. Көзімнің ағы мен қарасындай Әсел есімді жалғыз қызым бар. Көңілдің көк дөңі жүйрік қой. Жан-жағыңа, қатарыңа қарайсың. Кейде мен жарасы жаным батқанда өмірден түңіліп кете жаздаймын. Ұшы



қызметкер қыздарымыз Әлия Жұмәділбекова, Айгүл Раманқұлова сізге көз келген уақытта қызмет көрсетеді. Тек телефон қоңырауын шалсаңыз болғаны. Баратын жеріңізге дейін апарып, үйіңізге қайта жеткізіп салады, - деді.

Болат азының айтқаны болды. Бүгінде ұялы телефондарына қоңырау шалсам болғаны әлеуметтік қызметкерлер Әлия немесе Айгүлдің бірі үйіме

Алғысы шексіз

қиыры жоқ кең дүние тарылып кеткендей болады. Жігерім жасып, сағым сынады. Қос жанары жауаңдаған жалғыз қызымның қызығын көрмеймін бе деп сарыуайымға салына беретімін.

Сөйтсем, мұның бәрі бекершілік, пәндешілік екен. Жақсының жақсылығын айтамыншы. Өмірге деген іңкер, құштарлық сезімімді оятып, құлазыған көңіл жабырқаған жанымға жалау болатын жақсы жандар да көп екен. Алдағы аралап атар ақ таң, күліп шығар күнге деген үкілі үмітімнің шоғын үрлеп, мейірімділік, қайырымдылық танытып, жүрек жылуын берген абзал жандарға газет арқылы алыс айтсам ба деген ізгі ниетпен келген жайым бар еді.

Жеңіл күрсініп алған Айжахан қарындасымыз әңгімесін қайта сабақтады.

«Бас ауырып, көңіл күйім түсіп, маза кеткен соң жанаа дауа іздеп емхана жаққа жиі барып тұратын әдетім бар. Атап айтсам Әлия Қызылбаева, Макира Білісбаева, Дәулет Дариябековтердің қабылдауында болдым. Бәрі де құрақ ұшып қарсы алып, денсаулығымды сұрап бөйек болады. Қайсысы болса да гипократтық анттарына адалдық танытып, ақыл-кеңестерін береді.

«Емханаға келіп әуре болмаңыз. Денсаулығыңыз мазалайтын болса телефон қоңырауын шалыңыз. Кез келген уақытта үйіңізге өзіміз барамыз, - деп қамқорлық танытады.

Дәрігердің жүрекке жеткен жылы сөзі, жасаған емі де шипа деген рас екен. Алдарынан көңілім көкке көтеріліп, жаным жадырап, ақ алысымды айтып шығам.

Тірі адам тіршілігін жасай береді екен. Денсаулық болмаған соң қамыққан көңілдің құрсауы көп. Бірде аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Болат Үсембаев азының қабылдауында болдым.

«Бұдан былай әуре болып келіп, алтын уақытыңызды жоғалтпаңыз. Мемлекет қамқорлығына алынасыз. Әлеуметтік

құстай ұшып жетеді. Баратын жеріме апарып, қайтадан үйіме жеткізіп салады. Қолтығымнан демеп, жылы сөздерін айтып, жүздерінен мейірім шуағын шаша қызмет жасағанда ерекше күлге бөленемін. Жан жылуын сезінемін. Жабырқаған көңілім жаздай жадырап сала береді.

«Жақсының жақсылығын айт, нұры тасысын» дейді халқымыз. Аудан және қала әкімдіктері басшыларына да айттар алғысым шексіз. Менің жалғызділікті ана, отбасы жағдайымнан хабардар боп тұрады. Қызымыз екеуіміз тұратын 2 бөлмелі пәтерімдісіз еврожөндеуден толық өткізіп берді. Қаламызда аудан әкімінің бастамасымен мен секілді көңілі орта, қолдары қысқа жандарға арнап ашылған «Рахмет» әлеуметтік қайырымдылық дүкенімен күнделікті тұрмысқа қажетті нан және азық-түлік тауарларын тегін алып тұтынып жатырмыз. Бұл да өтжүрегі елім деп лүпіл қаққан азаматтарымыздың аялы алаңдай қамқорлығы деп білеміз. Жеке кәсіпкер Ғани Қасымов та атымтай жомарттық танытып, кол ұшын созып жүр. Айтамын деп келген оймақтай ойым мен секілді қамқорлық жандарға жүрек жылуларын сыйлап, адамгершіліктің асыл қасиеттерін танытқан ақ ниетті абзал жандарға бір Алланың нұры жаусын деймін.

Айжахан қарындасымыз әңгімесін қараторы жүзі нұрлана түсіп, күлім қаға ақ тілекті алғыспен сөйлейша аяқтады. Иә, жүрек терінен бұлақ қайнарындай бұрқырап шыққан жақсы сөз жан жадыратады. Көңіліңді көлдегіл, сезімді сергітеді. Тұрлаусыз дөңгелеген дүниеде, оттағы қазандай қайнаған өмірде, күрмеулі түйін көп қым-қуым тіршілікте ана алысын алаңнан артық бақыт та жоқ шығар, сірә.

Төл басылымымыздың төріне жақсы мен жайсаңға арнаған алғысын арқапал келген анамен жылы қоштасстық. Жүрегі мейірімге толы анының ақ ниетті алғысын жаратқан иенің де қабыл өтеріне шүбеміз де жоқ болар.

Темірлан ӘБІЛДАЕВ, «Сарысу»



БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

Жуырда Тараз қаласының «Достық» алаңында жылдағы дәстүр бойынша облыс әкімдігі білім басқармасының ұйымдастыруымен Тәуелсіздік мерекесінің 25 жылдығы және Ұлы жеңістің 71 жылдығына орай колледж



Жеңісмен оранды

білімгерлерінің арасында XIX-шы облыстық сапта жүріп өн айту байқауы болып өтті. Барлық облыстардан және Тараз қаласының білім ордаларынан 14 команда қатысты. Сайысқа қатысушылар бірінші күні 100, 1000 метрге жүгіру, түрнекке тартылу, мылтық ату, арқан тарту, ал екінші күні мемлекеттік және орыс тілдерінде сапта жүріп өн айту, тіктеліп өту, ұй тапсырмасын орындау бойынша бақтарын сынады.

Біздің ауданымызда барған Жаңатас көпсалалы колледжінің командасы, алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы Омаров Әбусейіттің дайындап барған шәкірттері үшінші орынды иеленді. Шәкірттері қол жеткізген жетістіктерінің нәтижесінде Ә. Омаров Қазақстан Республикасының «Отан» республикалық қоғамдық бірлестігінің «Ең үздік оқытушы» дипломын иемденді.

Мектепке «тарыдай болып кіріп, таудай болып шығатын» жас түлектің алдында жаңа өмір тұр. Қазіргі мақсат-жүрек қалауымен мамандық таңдау. Мамандық таңдау адам өміріндегі ең жауапты сәт.

Жүрек қалауымен таңдаған мамандық қана өмірдің жарқын бастауы болмақ.

Осы мақсатта Жаңатас көпсалалы колледжінде «Мамандықты таңдап, игеру-сөңің жарқын болашағың» атты ашық есік күні болып өтті. Іс-шараға аудандағы білім ошақтарының 9-сынып оқушылары қатысты. Алғаш болып Жаңатас көпсалалы колледжінің директоры Нұрланоя Түйтебаева сөз сөйлеп, білім ордасындағы мамандық түрлеріне толық тоқталып өтті.

Мамандықты дұрыс таңда

Мұнан соң колледжді бітіруші жас мамандар өздері білім алып жатқан мамандықтарының қыр-сырымен таныстырып, болашақта дұрыс таңдау жасау өз қолдарында екендіктерін айтып өтті.

Сонымен қатар колледждің өнерлі білімгерлері өннен шашу шашып, мың бұрала би билеп, көңілді тапқырлар тобы өзін қоржынын ақтарды.

Жақсы кітап-жан азығы

Жаңатас көпсалалы колледж кітапханасының ұйымдастыруымен «Кітап-ақылшын, серігің» атты білімгерлер арасында оқылған кітаптар калейдоскобы өтті. Сайысқа қатысушылар «Бой сергіту», «Әдеби калейдоскоп», «Білгірлер», «Кітап әлемі» бөлімдері бойынша сынаға түсті.

Калейдоскопта кітаптың шығу тарихы, қалай жазылғаны, адам өміріндегі маңызы туралы мәлімет берілді. Әр бөлім бойынша Абайдың қарасөздерін білумен, атақты

№11 Сарысу колледжінде «Заманауи қоғамдағы жастардың тәлім-тәрбиесінің бүгінгі мен ертеңі» тақырыбында ата-аналар конференциясы өтті.

Жиына Жаңатала ауылдық округінің әкімі Ж. Смағұлов және осы колледж білімгерлерінің ата-аналары қатысты.

Жиында №11Сарысу колледжі директорының өндірістік оқу ісі жөніндегі орынбасары С. Төлегенов 2015-2016 оқу жылындағы білімгерлердің түрлі

Жемқорлыққа жоқ жоқ

Жаңатас көпсалалы колледжінде «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының жанындағы «Жас Отан» жастар қанатының төрайымы М. Пірімбектің ұйымдастыруымен «Сыбайлас жемқорлықтың қоғамға тигізер зардаптары» атты тақырыпта білімгерлермен кездесу жиынын өткізді.

Жиында «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалы жанындағы жемқорлыққа қарсы күрес кеңесінің төрағасы М. Тоқтарбаев, «Жас Отан»

Ата-аналар жиыны өтті

шарада жеңіске жеткен, оқу барысында практикалық жұмыстарына слайд және бейнероликтермен таныстырды. Сонымен қатар директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Қ. Аманқызы колледждің жетістіктері жайлы хабарлама жасады. Кеш соңында №11Сарысу колледжінің директоры А. Сейналиев үздік білімгерлердің ата-аналарына Алғыс хат тапсырды.

жастар қанатының төрайымы М. Пірімбек және колледж директоры Н. Түйтебаева қатысты. Кездесуде білімгерлерге М. Тоқтарбаев жемқорлық-қоғам дерті екенін айтып өтті. Жемқорлықтың алдын-алу шараларын қарастыру, әсіресе жастарға көп көңіл бөлу керектігі туралы мағлұматтар берді. Сыбайлас жемқорлыққа байланысты «Таза сессия» және «Сәтті қадам» сияқты жобалардың қолға алынғандығын және жақында іске асырылатынын хабарлады. Жобаның басты мақсаты ретінде жемқорлықтың түп-тамырына балта шабу екендігін «Жас Отан» жастар қанатының төрайымы М. Пірімбек атап өтті. Жиында білімгерлер көкейлеріндегі жүрген сұрақтарын қойып, тиісті жауаптар алды.

«Сарысу-ақпарат»

Тағайындау

Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасының 2016 жылғы 16 мамырдағы №101-к бұйрығымен **Жомарт Жұманазарұлы КОДЕКОВ** «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Сарысу аудандық орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының бас дәрігері болып тағайындалды.

Жомарт Жұманазарұлы КОДЕКОВ 1977 жылы 9 қарашада Жамбыл облысы, Мойынқұм ауданы, Мойынқұм ауылында дүниеге келген. 1994 жылы Мойынқұм ауылындағы орта мектепті бітіреді. 1994 жылы Қазақ мемлекеттік медицина университетіне «Емдеу ісі» факультетіне түсіп, 2001 жылы жалпы хирургия мамандығы бойын



ша аяқтады. 2001 жылы Жамбыл облыстық мәслихат депутаты болып сайланды. 2001-2006 жылдары Мойынқұм аудандық ауруханасында хирург болып жұмыс істейді. 2006-2011 жылдары Мойынқұм ауданы «Шығанақ» дәрігерлік амбулаториясында аға дәрігер қызметін атқарды. 2011-2014 жылдар аралығында облыстық кардиологиялық диспансерінде бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары болып жұмыс атқарды. 2014 жылдың қараша айынан бастап Байзақ аудандық орталық ауруханасында бас дәрігердің емдеу ісі жөніндегі орынбасары болып, осы уақытқа дейін жұмыс атқарып келді. 16 мамырдан бастап аудандық орталық ауруханасының бас дәрігері қызметін атқаруда. Отбасылы, үш бала тәрбиелеп өсіруде.